

*Түркі мемлекеттерінің басын біріктірген Халықаралық қазақ-түрік университетіне
30 жыл!*

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 14 (527) 14 қазан 2022 жылы



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚАДІРМЕНДІ ТҮЛЕКТЕР, СҮЙІКТІ СТУДЕНТТЕР!

Баршаңызды Түркі әлемінің ортақ білім мекені – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

30 жыл – қаншама тарих пен оқиганың куәгері. Ұжым үшін университетте өткен әрбір сәт – шежіре. Біздің оқу орнымыздың қабырғасында жылжыған әр уақыт – қымбат!

Ел Тәуелсіздігімен қатар іргесі қаланған оқу ордасы Қазақстан мен Түркияның білім мен ғылым саласына серпіліс әкелгені хақ. Әсіресе, мемлекетіміздің дербестігін алғашқылардың бірі болып қабылдаған Түркия Республикасының Тұран даласында жаңадан ашылған білім ордасына ерекше ықылас танытуы университетіміздің абыройын одан әрі асқақтатты. Тамыры тереңнен қосылатын бауырлас елдердің ынтымақтастығы мен ізгі ниетінің нәтижесінде тақыр жерден бой көтерген білім ордасы әп-сәтте халықаралық мәртебеге ие болып, дамудың даңғыл жолына түсті. Университетіміздің бастапқы миссиясы – түркі дүниесі жастарының басын біріктіріп, Түркістанның қайта түлеуіне тікелей ықпал жасады.

Жалпы, әлемдегі университеттердің үш миссиясы бар. Біріншісі – білім беру, екіншісі – ғылыммен айналысу, үшіншісі – қоғамға пайдалы болу. Өткен тарихымызға зер салсақ, университетіміз бүгінге дейін үш миссияны да толық орындап келеді. Былтырдан бері атаулы мерекеге орай, 30 жылда жеткен жетістіктеріміз бен бүгінгі биігімізді бағамдап, миссиямызға сәйкес жарқын болашаққа бағдар құру мақсатында ауқымды 30 жобаны қолға алдық! Сан саланы қамтитын бұл жобалардың мақсаты мен міндеті: университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту, білім беру сапасы мен ғылыми әлеуетті арттыру және облыс пен қала халқының кәсіби біліктілігін арттыру еді.

Бүгінде қасиетті топырақтан бой түзеген альма-матер өзінің үшінші он жылдығына қадам басты! Халықаралық университетіміздің мерейтойы берекелі болсын! Мерейіміз әрдайым үстем болып, абыройымыз асқақтай берсін! Мақтан тұтар шәкірттеріміз бен ғылыми жаңалықтарымыз көп болсын!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректоры



ОҚУ ОРДАМЫЗҒА - 30 ЖЫЛ!

ТҮРКІ ЖАСТАРЫНА

Халықаралық мәртебеге ие Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті бүгінде еліміздің беделді оқу орындарының бірі. Түркістан қаласын алға қарай дамыту мақсатында, 1991 жылы Түркістан Мемлекеттік университеті болып ашылды. 1992 жылы 1 мамырда Қазақстан және Түркия Үкіметтерінің арасындағы келісім бойынша аталған университет «халықаралық университет» мәртебесіне ие болды.

Тәуелсіздікпен қатар құрылған оқу ордасын күллі түркі халықтарының данасы атанған, ойшыл, ағартушы, діни қайраткер – Қожа Ахмет Ясауидің есімімен атауында үлкен мән жатыр. «Түркі әлемі» деген қастерлі ұғымның түпқазығы, рухани шаңырағы, ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің отаны – қасиетті Түркістанда бабалар рухы жаңғырып жатыр. Түркістан – тегі бір күллі түркі халықтарының Атажұрты, басын қосып, рухын асқақтататын рухани астанасы!

Оқу ордасының «Құрметті профессоры» Түркия Республикасының Президенті Реджеп Тайып Ердоған:

«Университетке есімі берілген Қожа Ахмет Ясауи Түркістаннан Анадолыға және Балқанға дейін созылып жатқан кең байтақ алқаптың рухани шамшырағының бірі» деген болатын.

Н.Назарбаев: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістанды түркі дүниесінің ортақ білім шаңырағына



айналдырады», – деген сөзі шынға айналып, бүгінде университет түркі әлемі жастарының ортақ оқу ордасы атанды. Қазіргі таңда университетімізден 90 мыңнан аса түлек білім алып шықса, олардың арасынан шыққан көптеген мақтаныштарымыз шетелде және мемлекетіміздің түрлі саласында қызмет атқарып жүр.

Осы отыз жыл уақыттың ішінде егемен елімізбен бірге өрлеу кезеңін бастан кешірген оқу орда 2020 жылдың басында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен халықаралық университет «Ерекше мәртебеге» ие болды.

Университеттің миссиясы түркі балаларын бір шаңырақ астына топтастырып, сапалы білім бере отырып инновациялық оқыту мен ғылыми зерт-теулерде көшбасшы болу. Бүгінде оқу орнында бакалавриат, магистратура, резидентура мен докторантура бойынша 11 факультетте 10 мыңға жуық шәкірт білім алуда.

Осы жылдың басында ректор Ж.А.Темірбекованың басшылығымен оқу ордамыздың 30 жылдығына орай 30 жоба қолға алынған болатын. Осы 30 жоба аясында «Түркология» факультеті ашылды, 300 студент Түркия мемлекетіне жаздық мектепке барып келді. «Инклюзивті білім беру орталығы» облыс көлемінде білім курстарын өткізуде. Лингвистикалық орталықта ағылшын, түрік, қазақ, орыс, араб тілдерін үйретеді. Бұл тіл орталығының тек университет көлемінде ғана емес, тіл үйренемін деген әрбір адамға есігі айқара ашық. «Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» орталығы ашылды. Университетке қарасты клиника-диагностикалық орталығында «Кардиохирургия орталығы» ашылып, жүрекке оталар да жасалды. «Ана жұрттан - ата жұртқа», Қос дипломдық білім беру, ботаникалық бақ реконструкциясы, «Тұрақты

даму ғылыми-зерттеу орталығы», «Ана жұрттан ата жұртқа – білім көпірі: 100 оқулық» секілді маңызды т.б жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Жақында Қ. А. Ясауи университеті QS World University Rankings –



әлемдегі ең әрі ықпалды әлемдік университет рейтингінде бұрын-соңды болмаған нәтижені тіркеді. Бұл рейтингке әлем бойынша 2462 университет қатысып, соның ішінде 1422 жоғары оқу орнына баға берілді. Ахмет Ясауи университеті жыл сайын маусым айында жарияланатын беделді халықаралық үздік университеттер рейтингі QS World University Rankings 2023 бойынша биыл 714-ші орынға шығып, ең үздік 1000 университет қатарына алғаш рет енді. Сонымен қатар Ахмет Ясауи университеті әлемнің ең үздік университеттерінің пән бағыттары бойынша бірден үш рейтингке қатарынан енді. Соңғы кезеңдерде Ахмет Ясауи университетінің білім беру, ғылым, мәдени-әлеуметтік бағыттағы әлеуеті елеулі артты. Ал университет ғалымдары Scopus мәліметтер базасында және Web of Science сайтында пікір жазылатын журналдарда 1000-ға жуық мақалалар жариялады. Мұның барлығы ұжымның соңғы бірнеше жылдар бойы атқарып келе жатқан жемісті еңбегіне байланысты екені сөзсіз.

Білім ошағында әлемнің 15 мемлекетінен 40-қа жуық ұлыс пен ұлт өкілдерінің 1200-ден астам жастары оқиды. Оқу дәрістерін 58 ғылым докторлары мен профессорлары, 130 философия докторлары (PhD), 277 ғылым кандидаттары мен доценттері, 252 ғылым магистрлері жүргізуде. Оның ішінде Түркия Республикасынан келген профессорлар мен қызметкерлер саны – 73.

Халықаралық оқу ордамызда Мекемтас Мырзахметұлы, Рахманқұл Бердібай, Тәкіжан Ағдарбеков, Райымбек Сейтметов, Қажыбек Бекбосынов, Әшірбек Сығай, Намазалы Омашев, Рахима Жұбатырова, Тоқболат Еңсегенұлы, Жұмабай Әбілов, Құлыбек Ергөбек тәрізді елімізге танымал белгілі ғалымдар мен әдебиет, өнер майталмандары, халық әртістері шәкірттерге білім берді.

Оқу орнына Мұрат Жұрынов, Оразалы Сәбденов, Серік Пірәлиев, Лесбек Тәшімов, Уәлихан Әбдібеков, Болатбек Абдрасилов сияқты ғалымдар басшылық етті.

Түркістанда зиялы қауым өкілдерін қалыптастыру мен қала халқының мәдениетін көтеру тұрғысында да университеттің рөлі айрықша. Түркістан халқы мен өңір тұрғындарына қызмет көрсету мақсатында заманауи құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген халықаралық қазақ-түрік университетінің клиника-диагностикалық орталығы жұмыс жасайды. «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжі де Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің филиалы ретінде маман дайындап келеді. Ал 100 га жерді алып жатқан ботаникалық бақта жеміс ағаштары мен гүлдердің 100-деген түрлері өсіріледі.

Университетке қарасты 6 ғылыми-зерттеу институты ғылым саласында елеулі үлестерін қосып жүр. Археология ғылыми-зерттеу инсти-



30 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙ

ОРТАҚ ШАҢЫРАҚ

туты Түркістан аумағында қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеп жатыр. Ясауи ғылыми-зерттеу институты Ясауи бабамыздың еңбектерін жинақтап, қазақша аударма жұмыстарымен айналысуда. Ал Экология ғылыми-зерттеу институты Түркістанның экологиясын, Өзірет Сұлтан кесенесін тұздардан тазалау, кесенені құзданудан сақтау жолдарын зерттеп, қаланың

Мәдениет пен спорт саласынан университетіміздің қосып жатқан үлесі айтарлықтай. Еліміздің абыройын қорғап жүрген спортшылар және өнер саласынан небір майталмандар шықты. Атап айтар болсақ - Сидней Олимпиадасының жеңімпазы Бекзат Саттарханов, осы Олимпиаданың қола

жүлдегері Мұхтархан Ділдабеков, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Сәкен Бибосынов, Азия чемпионатының жүлдегері кәсіпқой боксшы Бек Нұрмағанбет, Әлем чемпионаты, Азия және Халықаралық ойындарының жеңімпаздары—Дидар Хамза мен Бағлан Ибрагимов, Нұрым Сәлімгереев, Дәулет Ниязбеков, Әбдіғани Бибарыс, Айдарбек Тоқтарбек, Оразбай Арайлым, Гүлзира Құлдасбек, Айжан Жылқыбаева, Салтанат Сұлтанбекова т.б студенттеріміз еліміздің көк туын көкке көтеріп, қазақтың намысын қорғап жүргендер.



дамуына сүбелі үлестерін қосуда. Университеттің 4 қабаттан тұратын 540 оқырманға арналған кітапханасының білімгерлер үшін есігі айқара ашық. Қазіргі таңда 7 оқу залы бар кітапханада 700 мыңға жуық кітап қоры

Сонымен қатар түрлі салаларда қызмет етіп жүрген түлектеріміз – Эльвира Азимова, Айнұр Әбдірәсілқызы, Алтай Көлгінов, Досай Кенжетай, Дініслам Болатханұлы, Бекарыс Шойбеков, Серік Сейтман, Мақсат Шотаев, Алтынбек Кенжалиев, Бағдәулет Бегалиев, Жеңіс Мақұлбаев, Айгүл Сағымбай, Алдаш Айтжанов, Исламбек Төлегенов, Елнұр Токушев, Еділ Оспанов, Алтынай Жорабаева, «Алдараспан» театрының актерлары – Н.Төлендиев, Ш.Амантұров, Н.Ізтаев, С.Исабеков, «Нысан» театрының актерлары – Д.Оразбай, М.Достаев, «Х» тобының әншілері Н.Әбдіжәлил, журналистер Назира Байырбекова, Лира Қоныс т.б. салаларды дамытуда үлкен үлес қосып жүр. Университетіміздің түлектері тек елімізде ғана емес, бүкіл түркі елдерінде қызмет атқаруда десек артық айтпаймыз.



жинақталған. Университетіміздің 30 жылдығына орай ең таңдаулы, үздік ОПК еңбектері университет баспаханасынан шығарылуына факультеттерге ұсыныс беріліп, сараптау жұмыстары нәтижесінде арнайы 30 жылдыққа арналған эмблемасымен кітаптар шығарылып жатыр.

Түркістанның төрінде орналасқан, бергенінен берері мол оқу ордасының мерейлі 30 жылдығы құтты болсын

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

БИІК ТҰҒЫР-БІЛІМ ОРДАМ

Түркістаным...
Бастан кешкен талай-талай тағдырды,
Тарихта да аты жатыр сан қырлы.
Білім ордам Түркістанның төрінде
Білім берген жол сілтеген тағлымды.

Түркістаным...
Ұлы мекен ордасы ғой аңыздың,
Өз тарихы бар мекен ғой әр іздің.
Білім ордам түркі жұрты пір тұтқан
Атын алған Қожа Ахметтей абыздың.

Білім ордам...
Тым арыда жатыр оның дерегі,
Отыз жылдық тарихы бар себебі.
Тәуелсіздік тұғыры бар еліммен
Бірге дамып, алға жылжып келеді.

Білім ордам...
Ізгілікке бастау болған көші елдің.
Әлі талай шарықтарсың, өсерсің.
Арасында алтын көпір боп тұрсың
Қазақ-түрік бауыр туған қос елдің.

Оқу ордам...
Отыз жылдық тарих солай алмасқан
Зымырайды шіркін уақыт қалмастан,
Түлеп ұшқан профессор, ғалымдар
Ел ісіне тұтқа болған алдаспан.

Оқу ордам...
Айтылатын өзің едің аппақ ән,
Талай шәкірт болашаққа баптаған.
Дәл өзіңдей мықты тәлім ордасы
Түркістанда тұрғанымен мақтанам.

Оқу ордам...
Өзің едің ұлы білім айнасы,
Өркендей бер, өсе берші, жайнашы.
Ғасыр тойың тойланатын шақта сол
Биік-биік тұғырыңнан таймашы!

Орынбай Ақбота
НАҒАШБЕКҚЫЗЫ,
Түркі тілдес журналистер
қорының мүшесі,
Дайындық орталығы ТК-10
тобының тыңдаушысы



ЕСТЕЛІКТЕР



ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ – МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Тікелей Елбасымыздың 1991 жылғы 6 маусымдағы Жарлығымен Түркістан Мемлекеттік университеті ашылып, оған Қожа Ахмет Ясауи есімінің берілуі тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл түркі дүниесінде үлкен құбылыс, тарихи оқиға болды. Уақыт неткен жүйрік десеңізші! Осы университеттің шаңырақ көтергеніне отыз жыл болыпты! Ойлап отырсақ, бәрі де күні кеше ғана сияқты еді! Сол кезеңде, университеттің алғашқы ректорлығына ұсынылғанымда ерекше толғаныс, тебіреніс құшағына бөленгенімді өмір бойы жасыра алмаймын. Ата-бабаларымның құтты мекені болған қасиетті топырақта, жаңадан қолға алынған ұлы істің басында болу кімге болса да, үлкен бақыт еді! Сондықтан, үлкен сеніммен тапсырылған, жауапкершілігі аса зор жұмысқа құлшына кірістік.

Университетті ашу алдындағы жүргізілген дайындық жұмыстары, әртүрлі алып-қашпа жел сөздер, барлық қиындықтарға шыдауға белді бекем буып, Түркістан топырағына нық сеніммен қадам басқан ерекше жігерлі ниеттес ғалым жігіттер... Қазір мен олардың есімдерін үлкен құрметпен, шыннайы сезіммен еске аламын. Олар – х.ғ.д., профессор Б. Жаңабаев, э.ғ.д., профессор А. Ищанов, ф.ғ.д., профессор Б. Байтанаев, х.ғ.д., доцент Ә. Есалиев, тағы басқалар. Көп ұзамай бұл шағын топқа белгілі ірі ғалымдар келіп қосыла бастады – олар ғылым докторлары, профессорлар М. Мырзахметов, А. Баешов, Б. Бекмұратов, С. Шалхаров, Б. Керімбеков, Т. Байтелеев, Т. Ағдарбеков, С. Мадуанов, М. Ержанов, М. Әбілтайн, Р. Вахидов, А. Аширов, Ж. Оңалбек, Б. Мұхамеджанов және тағы басқалар. Бұл аталған ниеттес ғалым-бауырларымның университетіміздің қаз тұруына, қазіргі дәрежеге жетуіне сенім ұялатқан, қаншама шаршап-шалдықсақ та азаматтық энтузиазмның туын асқақтата көтеруімізге дем берген туған елге, жерге деген шексіз құрмет пен сүйіспеншілік деп білемін.

Біздің сол кездегі ісіміздің оң екенін қазір қаншама студенттер мен оқытушы-профессорлардың легінен құралған үлкен ұжымның, оларды білім нәрімен сусындатып отырған университеттің бүгінгі ауқымды істері айқын дәлелдеп отыр!

Ол кезде Түркістан қаласы әлеуметтік-экономикалық даму жағынан тұралап қалған елді мекендердің бірі болатын. Ашылып жатқан оқу орнының болашағын көзге елестетудің өзі қиын еді! Тақыр жерге егін еккенмен бірдей тірлікті, еліміздің тұңғыш Президенті өзі бас болып, ары қарай жұмыстың журуін қадағалап отырды. Соған сәйкес, жергілікті жердің, облыстың, республиканың сол кездегі басшылары барынша көмектесуге тырысты.

Университеттің осы деңгейге жетуіне, Елбасымызбен бірге үнемі көмек беріп отырған Түркияның жоғары білім беру кеңесі, Білім министрлігі, ең ірі университеттері, Өкілетті кеңесі болды. Солардың азаматтық қолғабыстарының нәтижесінде университет оқытушы-профессорларына арналған соңғы үлгідегі кең де жарық, жайлы тұрғын үйлер де бой көтеріп, дәмді тағамдар дайындайтын асхана, Шығыс үлгісінде салынған жатақханалар, әсем кітапханалар құрылысы басталды. Олардың бәрі де бітіп, бүгінде оқытушы-профессорларға арналған коттедждер, әлем архитектурасымен теңесетін әсем оқу корпустары, мәдениет сарайлары, жаңа ғана пайдалануға берілген зәулім ғимаратты кітапханалардың өзі неге тұрады?

1992 жылғы 30 сәуірде Түркияның Премьер-министрі Сүлейман Демирел мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Түркістанға келді. Қазақстан мен Түркия Президенттерінің қасиетті қаламызға сапары қарсаңында мен Сарыағаштағы курортта демалып жатқан Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековпен жолығып, Президент Нұрсұлтан Назарбаевты тікелей өзі ашқан университетінің түркі халықтарына ортақ Халықаралық қазақ-түрік университеті болып өзгеруіне қалай қарар екенін біліп берсеңіз, деп өтініш еткен едім. Ол кісі уәдесін берген. Досым Намық Кемал Зейбек мырза Сүлейман Демирелді көндіруге сөз берген.

Осы сапарда С. Демирел мырзамен бірге келген Премьер-министрдің Бас кеңесшісі Н.К. Зейбек сөзіндей тұрып, С. Демирел мырзаның Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу жөніндегі идеяны қуана қолдағанын, М. Жолдасбеков болса, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл ұсынысты бірден мақұлдағанын айтты.

Президенттер келгенде, қазіргі Қазыбек би көшесінің қос қапталында қос Президент пен оларға еріп келген кісілерге студенттер қошемет көрсетті. «Нұрсұлтан аға, өзіңіз ашқан университетке келуіңізді өтінеміз!», деген өтініш жазылған сөздер ерекше көзге түсті. Себебі, облыс әкімшілігінің жоспарында екі ел басшыларының университетке соғу, студенттермен, оқытушы-профессорлармен кездесіп, әңгімелесу жоқ болатын. Университет ұжымы мен студенттер үшін Елбасымыз ауылға табан тірегенде соқпай, кездеспей қалу ауыр тиетін болғандықтан, бұл дайындыққа біздер алдынала мұқият кіріскен едік. Біз үшін бұл естен кетпес тарихи оқиға болды: «Ал енді мына кісіге университет туралы жақсылап айтып бер, соңынан өтінішіңді айтарсың», - деді Нұрсұлтан Әбішұлы жылы жүзімен. Шынымды айтайын, менің жүрек толғанысымда шек болған жоқ. Әлі есімде, түркі халықтарының бірлігі жөніндегі жан-толғанысымы айта келе, баршамызға бабамыздың есімін алып, бәрімізге ортақ тарихи астанада орналасқан университет енді Халықаралық қазақ-түрік университетінің статусына ие болса деген мәселеге тоқталдым. Ол кісі бұл сөздерді бірден құптады. Осы басқосуда университет студенттері түрікше өлеңдер айтып, қонақтармен түрікше сөйлесті. Қонақтар дән риза болды. Университетке Халықаралық статус беру жөніндегі жоба қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде әрқайсысы бес данадан алдын ала жасалып қойылған болатын.

Арада екі күн өткенде республикалық газеттерде Түркістан Мемлекеттік Университетіне Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

статусы берілгендігі жөнінде хабар жарқ ете қалды. Осылайша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы Келісімге қол жетті.

Оған Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков, ал Түрік Республикасы үшін Сыртқы істер министрі Хикмет Четин қол қойды. Сөйтіп, оқу орнымыз Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті деп атала бастады, түркі әлеміндегі тұңғыш Халықаралық университет ашылып, өз статусына ие болды. Көп ұзамай, ҚР Білім министрінің бірінші орынбасары В.Т.Корольков екеуміз Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы екі министрлік арасында келісім-шарт жасасу мақсатымен Түркияға бардық.

Бұл құжатты жазу оңайға түскен жоқ. Оны бір аптадай жаздық. Қос мемлекет үшін де оның маңызы орасан зор еді. Онда негізінен Университетті басқару туралы, университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту және университеттің дамуы мәселелері қаралды.

1992 жылдың 25 қыркүйегінде Анкара қаласында түрік, қазақ және орыс тілдерінде бірдей күші бар үш данадан жасалған осы келісім-шартқа Түркия жағынан Білім беру министрінің бөлім меңгерушісі Айдоған Атаунал мен Жоғары білім жөніндегі Кеңес төрағасының орынбасары Уйгур Тазабей, Қазақстан жағынан Оқу министрінің бірінші орынбасары В.Т.Корольков пен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры ретінде мен қол қойдым.

Халықаралық қазақ-түрік университетінің I Президентіне екі жақтың Үкіметаралық Келісімімен тағайындалу құрметі мен бақытына ие болдым. Халықаралық университет басшылығында ортақ идеяға шын жүрегімен берілген адам істеуі керек, - деді мені құттықтаған үкіметтер басшылары.

Осындай идеялар мені әрдайым құлшындырып отыратынын жасыра алмаймын. Көп ұзамай, Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысын жасадық. Бұл да оңайға түскен жоқ. Талай түндер көз шырымын алмай жұмыс істеуге тура келді. Мұны менімен бірге Анкара қаласында жұмыс істеген ниеттес әріптестерім жоққа шығармаса керек.

Екі ел зиялыларының келісімімен дүниеге келген Халықаралық университет Жарғысын Қазақстан жағынан Республика Премьер-министрі С. Терещенко, ал Түркия тарапынан Республика Парламенті бекітті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ресми ашылу салтанатына Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзал қасиетті Түркістанға арнайы сапармен келді. Аса кең жүректі тамаша жан еді.

Университетке қонаққа келген ел басшыларына, қоғам қайраткерлеріне, халқына еңбегі сіңген азаматтарға университеттің «Құрметті профессоры» атағын беру дәстүрге айналған. Осындай №1 диплом Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа, №2 диплом Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалға, №3 диплом Сүлеймен Демирелге зор қошемет үстінде ұсынылып, «Құрметті профессор» атағы берілді. Тұрғыт Өзалға болашақ университет қалашығының құрылыс жобасы қатты ұнады.

Қос елдің Президенттері Халықаралық университетіміздің жобасын да анықтап берді. Сол күндер есіме түскенде жүрегім күйге толып, толқимын. Екі ел арасындағы Келісім-шартқа сәйкес университетті сол алғашқы кезден бастап Үкіметаралық Өкілетті Кеңес басқарады. Оның сол кездегі төрағасы менің досым, Түркия Республикасының Мемлекет министрі Намық Кемал Зейбек болды.

Дәл қазіргі жағдайда, кезінде шаңға оранған Түркістанның қақ ортасында күмбезі көкпен таласып, еңсесі асқақ көрініп, өзін әлемге мойындата бастаған университеттің өсіп-өркендеуі, материалдық-техникалық базасының нығая түсуі, Түркия Республикасы тарапынан, Өкілетті кеңес тарапынан беріліп отырған нақты көмектің арқасында, сонымен қоса, менен кейін университетті басқарып келе жатқан басшылардың ерен еңбегінің арқасы, оқытушы-профессорлардың жеткен жетістіктерінің нәтижесі дер едім.

Бүгінде университеттегі түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағы жолында кезінде жасалған алғышарттар нәтижесінде бүкіл түркі дүниесінен, Түркиядан, Монғолиядан, Қытайдан, Египеттен, Пәкістаннан, Өзбекстан мен Қырғызстаннан, Америка құрама штаттарынан келіп оқып жатқан студенттерді көріп көзің тояды, олардың өзара ынтымағына көңілің сүйсінеді.

Кезінде Қазақстанның жоғарғы оқу орындарынан ғылыми атағы бар оқытушы-профессорлар құрамын шақыруға мәжбүр болсақ, бүгінде бұл оқу ордасының ғылыми потенциясының жоғары деңгейде екендігіне риза болып, негізін өзін қалаған, жер кіндігі, қасиетті Түркістаннан бой көтерген «Қожа Ахмет Ясауи бабамның атындағы университетім – менің мақтанышым» дегім келеді.

Мұрат Жұрынұлы Жұрынов
университеттің тұңғыш ректоры,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым Академиясының
президенті, академик

ОЛАР УНИВЕРСИТЕТТІҢ КЕМЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖОЛЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

Студенттерге сапалы білім беру – заман талабы. Ол бәсекеге қабілеттілік. Бұл ретте оқу орда өзінің халықаралық статусына сай білім мен ғылым жолын ұстанады. Оқу орны түрік халықтары жастарының бір шаңырақ астында толықанды білім алуына жағдай жасаған. Университеттің негізгі миссиясы – түркітілдес мемлекеттер мен қауымдастықтардың жастарына бір шаңырақ астында терең тарихи құндылықтарға және демократиялық зайырлы қоғам негіздеріне сүйене отырып, заман талаптарына сай деңгейде білім беріп, оларды ұлттық және рухани құндылықтарға берік, адам құқықтарын құрметтейтін, достық, ынтымақтастық негізін түсінетін маман ретінде қалыптастыру. Өз тәуелсіздігін баянды етіп, егеменді ел ретінде даму жолына түскен жас Қазақстанның келешек ұрпағы – жастарға халықаралық университет бүгінгі күн талабына сай білім беріп, әртүрлі мамандықтарға даярлау және патриоттық сезім негізінде жүйелі бағыт-бағдар беруде. Сондай-ақ, ең бастысы, оқу орны түркі халықтары үшін қасиетті орынға ерекше назар аударуға септігін тигізіп, түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен рухани дүниесін жаңғыртуға мол үлес қосуда. Бүгінде, мақсат-мүддесі, түбі бір түркі халықтарының ортақ оқу ордасы жаңа көжиектерге жол ашуда. Біздің жастарымыз осы достықтың алтын көпірін ары қарай жалғастырып, тату-тәтті қатынастарымен кемел келешектің туын көтере берсін! Университеттің гүлденіп, көркеюі жолында аянбай тер төккен бәріңізге шексіз алғысымызды білдіреміз.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрылғанына биылғы жыл 30 жыл толып отыр. Оқу ордасы ашылған күннен бас-тап университеттің дамуы жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан оқытушы - профессорлардың университет жайлы айтқан ой-пікірлерін назарларыңызға ұсынамыз.

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ БАҒЫНА АШЫЛҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ

1991 жылдың жаз айы болатын. «Не дейсің, Түркістан қаласында жаңа оқу ордасы орнапты, оның ашылуына Президент Н.Ә. Назарбаевтың өзі тікелей Жарлық беріпті» деген хабар қоғамды дүр сілкіндірді. Зиялы қауым әрқилы ойда қалды.

Өзі экологияның өтінде, жаз болса шаңы мен желі көз аштырмас, қыс болса қар жаумай-ақ қалтырататын қара суығы бар, Одақ бойынша ең артта қалған қияндағы Түркістан қаласында болашағы зор университеттің ашылу себебі неге байланысты болды екен деген сұрақ тұрды көкейде. Өйткені бірде кала, бірде дала дегендей, аудан орталығы саналатын, әлеуметтік жағдайы мүлде төмен жерде ешқашан университет түгілі, институт та ашылып көрген емес. Өз басым осы айтылған ой-пікірдің қайнаған ортасында жүрсем де, университет ашылуын екі түрлі қуанышты сезіммен қарсы алдым. Бірақ осы университетке барып қызмет етемін деген ой қаперіме де келмеген еді. Бір қуанған жағдайым, университетке кайталанбас тағдыры бар ортағасырлық рухани казына-мүліктің ұлы діңгегі, бірақ тозып,



бітуге айналған Ясауи кесенесі түбінде, сопылық жолдың ту ұстары Қожа Ахмет Ясауидің аты қойылуы таң қалдырды. Өйткені, біздің ұрпақ Ясауидің сопылық ілімі мен хикметінен бейхабар, оны ауызға алып, танып-білуден мақұрым қалған еді ғой. Университеттің Ясауи аталуы жақсылықтың нышаны шығар? Қазақ мемлекетінің ордалы астанасы болған, әрі ықылым заманнан сан-салалы тарихи оқиғалардың өзекті желісіндей қат-қабат жатқан қазыналы көзіндей сыр бүгіп тұмшаланған бұл көне қаланың білім ордасына айналып, айқындалуы - сөзуге айналып бара жатқан халқымыздың «тарихи жадының қайта оралып, ұлттық санамыздың жаңғыру белгісі шығар» деген үкілі үміттің қанатында жүрдім.

Екінші жағынан, сыртқы елдердің империялық саясаты түркі халықтарының туыстық бірлігін ыдыратып, рухани жағынан бірінен-бірі алыстатып, жас ұрпақты ұлттық менталитетінен тайдырып, өз халқының толқымалы тағдырына селқос қарайтын, өткен тарихын, ана тілі, ата салтын ұмытқан өгей ұлдай жат бесікте тербеліп өскен мәңгірт ұрпақты қалыптастырып жатты.

Түркістан университетінің екі ел басшыларының бас қосуынан кейін, Қ.А. Ясауи атындағы қазақ-түрік университетіне айналуы – түркі тілді туысқан халықтардың рухани ұйтқысына айналып, ұзақ жылғы ыдырау процесінен бірігу процесіне қарай жүретін қастерлі құбылыстың күні туған шығар деп қуандым. Демек, бүкіл түркі әлемінің бір кездегі рухани орталығына айналып, сопылық ілімнің ясауилік бағыты бүкіл мұсылман дүниесіне таралып, рухани тазалыққа бастаған ата-баба жолын танып-білуге жол ашылмақ.

**М.МЫРЗАХМЕТОВ,
ф.ғ.д., профессор**

ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДА БОЛМАҒАН ФАКУЛЬТЕТ АШТЫҚ

Ауылдан алыста жүрген маған өзімнің туған өңірім Түркістан қаласында университеттің ашылуы үлкен ой салып, толғандырды. Шіркін-ай, кезінде білім, дін және мәдениет орталығы болған қасиетті жерде университеттің ашылуы қандай керемет, оның болашағы қандай болар екен деген сияқты әртүрлі ойлар отырсам да, тұрсам да күндіз-түні ойымнан кетпей жүрді.



Осы толғау-ойларымның негізінде «Ясауи толғауы» күйі өмірге келді. Бұл күйді университеттің салтанатты ашылу тойында алғаш рет домбырада орындап бердім. Туған жерге деген сүйіспеншілік, үлкен университеттің ашылу кезіндегі қиыншылықтарды атқару парызы мені Түркістан қаласына жетелеп келді. Менің осында ауысуыма кейбір қарағандылық достарым реніштерін де білдірді. «Өзің қазақ бола тұрып, қазақ жерінің кіндік ортасында жүріп, Түркістанға ауысуыңды онша түсіне қоймаймыз» - дегендер де болды.

Әрине, Қазақстан жерінің бәрі қазақтыкі, бірақ үлкен оқу ордасының ашылу кезіндегі күрделі ұйымдастырушылық жұмыстарға қатысу әрбір білімді қазақ зиялысының борышы деп ойлаймын. Орта Азия мен Қазақстанда бұрын болмаған жаңа экология факультетін ұйымдастыруды маған жүктелді. Эколог-мамандарды дайындау үшін алдымен оның оқу бағдарламасын жасау қиын болды. Кеңестік кезеңде ондай мамандық болмаған, тек Татарстанда экология кафедрасының негізінде, экология факультеті ашылғанын біліп, іссапармен барып, олардың да қиналып жатқанын көзіммен көрдім.

Оқу бағдарламасын жасауды басшылыққа алу М.Жұрынұлы мен маған жүктелді. Экология факультетіне мамандарды топтастыруда түрлі қиындықтар кездесті. Көптеген қалаларға хат жаздық, жеделхаттар жібердік, телефон арқылы сөйлестік, нәтижесі жаман болған жоқ. Бүгінде елімізде эколог-мамандар жеткілікті, еліміздің бұзылған экологиясын орнына келтірудегі қызметі өте зор болу керек деп ойлаймын!

**А.БАЕШОВ,
х.ғ.д., профессор**

УАҚЫТПЕН САНАСПАДЫҚ

Егемендігін әлем жұртшылығына танытқан Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына 25 жыл толды. Айтпағанда оңай болғанымен, осы жолда талай істер атқарылды, қиялмен армандаған талай сәттерді тағатсыздана күтуге тура келді. Армандаған тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Алда атқарылатын қыруар жұмыстар, тарихымыздың қасиетті бір парағына айналатын үлкен істер күтіп тұрды. Сондай ұлы істердің бірі - бүгінгі таңда еліміздің тәуелсіздігімен қатар, 25 жылдық тарихы бар, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 1991 жылы Қ.А. Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік Сол кездері Түркістан жерінде да ертегідей болатын. Деген-болған шын мәніндегі тари-азаматтары, зиялы қауымы Осы оқу орданың іргетасын үйлестіруде ерен еңбек бірі - менің досым, Қ.А. Ясауи түрік университетінің тұңғыш Жұрынұлы еді. Мұқаңның тез нақты шешім қабылдай қадам жасайтыны. Бұл - беріліп келе жатқан тектілігі. басшылығына келгенге дейін баспалдақтардан сүрінбей сүбелі үлесін қосып, ерекше тып үлгерген болатын.



Ол университет ректоры бо-стап, іске қызу кірісті. Өйткені күтіп тұрды. Университеттің шешу, ұйымдастыру нына сенімді серіктес, тәжірибелі, іскер, ғалым азаматтарды жинақтап білді. Сол азаматтардың алғашқы тобы профессорлар Б.Жаңабаев, Б.Байтанаев, менің өзім, Ж.Оңалбеков, С.Шалқарұлы, Б.Керімбеков, Т.Ағдарбеков және тағы басқа да азаматтар болды. Кейіннен бұл топтың қатары өзге де белгілі ғалымдармен толықты. Олар: ҚР ҰҒА академигі Р.Бердібай, ҚР халық әртісі Р.Сейтметов, профессорлар, О.Нұсқабаев, Б.Мұхамеджанов, А.Абуов, С.Мадуанов, Б.Мырзалиев, А.Кабдрахимова, Р.Б.Таукебаева, М.Ержанов, А.Ризаходжаев, К.Кулекеев тағы басқалар.

Сонымен жаңа университеттің ұйымдастыру жұмыстарына кірісіп кеттік. Мен проректорлық қызметке тағайындалғаннан кейін ең алдымен қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру, тез арада талапкерлерден құжаттар қабылдау, емтихандардың кестесін түзу, мамандарды іріктеп, жұмысқа қабылдау істеріне тікелей жауапты болдым. Алдымызда қат-қабат шаруа тұрды. Жаңадан қолға алған істің өзіндік проблемаларының аз болмайтыны белгілі. Біз уақытпен санаспай жұмыс істеуге бекем бел байладық. Ортақ істегі зор ынтызарлық бірлік нәтижесінде ісіміз алға бастырып, ойға алған міндеттеріміз орындалып жатты. Бұл баршамызды одан әрі қанаттандыра түсті. Университетіміздің алғашқы жылындағы қабылдау жарияланған 6 факультетке 2,5 мыңдай талапкерлер құжат тапсырды. Олардың 500-ден астамы алтын медалмен және арнаулы орта оқу орындарын үздік бітіргендер еді. Бұл ТМД елдеріндегі ең жоғарғы конкурстық көрсеткіш болды.

А.У.ИШАНОВ –э.ғ.д., профессор

ТҮЛЕКТЕР ЛЕБИЗІ

БІЛІМ АЛЫП САЯҢДА

Жантасова Зылиха. 1996 жылғы түлек. Жазушы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі:



- Университеттің түркі елінің ынтымақтастығын арттыруда, түркі жұртының бірлігін бекемдеудегі маңызы айрықша. Халықаралық қазақ-түрік университетінің түлегімін! - деп мақтанышпен айта аламын. Білім берген ұстаздарыма алғысым шексіз! Түлектер қауымдастығы құрылып, өткізілгелі жатқан алғашқы форумы үшін өте қуаныштымын және оқу ордамыздың халықаралық

мәртебеге ие болғанына 30 жыл толуымен құттықтаймын! Жасай бер, менің оқу ордам!

Уфук Тузман
Протокол аудармашысы,
TRT «Түркияның үні радиосы»
қазақ редакциясының жүргізушісі,
2000 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы»
түлегі:

- Құрметті ХҚТУ түлектері университетіміздің 30 жылдығымен құттықтаймын! Түркістан қаласында Түлектер қауымдастығы құрылып, алғаш рет ұйымдастырылып жатқан



халықаралық форумның сәтті өтуіне тілектеспін. 30 жылдық мерзімде университетіміздің құрушы ректоры Мұрат Жұрынұлы мен Тұңғыш Өкілетті кеңес төрағамыз құрметті Намық Кемал Зейбек мырзалардан бастап, университетіміздің барлық басшылары мен оқытушыларына алғысымды айтамын. Дүниеден озған ұстаздар мен шәкірттерімізге Алланың рақымын тілеймін. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ Түрік университетінің түлегі

болу мен үшін үлкен бақыт. Университет шаңырағы астындағы «Терең тарихтан – жарқын болашаққа» ұранын ұстанған бүкіл шәкірттер мен ұстаздарға зор денсаулық, бақыт пен табыс тілеймін.

Sinan YILDIZ
TRT Genel Müdür
Müşaviri,
TC Cumhurbaşkanı
Başdanışman Özel
Kalem Müdürü:

- Anadolu topraklarına düşen Yesevi ateşini takip ederek 17 yaşında kaderimin beni götürdüğü Ata topraklarım Türkistan'ın ekmeğini yedik suyunu içtik havasını soluduk.

Kendimize Yesevi hazretlerinin 21. yüzyıl Alperenliğini destur edindik görev bildik. Ay gökte kaldıkça ulu kocaların aksakalların duası üstümüze olsun, Yesevi ateşi dünya var oldukça hep yansın. 30 yılımız kutlu olsun, ebedi olsun. 1 uluslararası mezunlar formunu tebrik ediyor hayırlara vesile olmasını diliyorum. Allaha emanet olunuz. 2008 Yılı Türkoloji Fakültesi - Türk Dili ve Edebiyatı Öğretmenliği Mezunu



Түлектердің 25 жылдық кездесуінен естелік сурет. 2017 жыл

Нәзира Байырбек,
“Дарын” мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, SUU магистранты,
2001 жылғы түлек:



- Әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарына құжат тапсырарда, халықаралық компанияларға жұмысқа тұрарда бұрын оқыған университетіңді көрсету қажет болады. Сандық жүйеге негізделген құжат толтыру процесінде әлемнің айтулы университеттері тұрған тізімнен өзім оқыған Ахмет Ясауи университетін көргенде қатты қуанғаным есімде. Қазір ойласам, ХҚТУ-ін бітіріп, шетелге оқуға аттанған талай қазақ басында, әлем университеттері тізімінен өз университетін бірінші рет көргенде дәл мен сияқты қуанған шығар.

Биыл осы менің университетімнің ашылып, халықаралық университет деген статуспен әлемдегі оқу орындарының қатарына енгеніне 30 жыл. Бұл отыз жылда ХҚТУ Қазақстан үшін ғана емес, Орта

Азия үшін, әлемнің Түркі елдері үшін талай білікті маман қалыптастырып берді. Қазір ХҚТУ-нің түлектерінің алды халықаралық деңгейде ғылым, мәдениет, технология саладарында еңбек етіп жүр. Рас, адамның білімі де, бақыты да мансабымен өлшенбесі анық. Сондықтан, университетті бітірген соң ауылына оралып мұғалім, кітапханашы, полицей болып жүрген немесе отбасын құрып, өз бойындағы білімді саналы, заманға сай ақпараттанған мықты ұрпақ тәрбиелеуге жұмсап келе жатқан азаматтардың өзі елдігіміздің күзетшісіндей үлкен еңбек сіңіріп жатқанын айтық келеді. Университетіміздің 30 жылдығы қайда жүрсе де, кім болса да - ХҚТУ-ін бітірген, өмірі ХҚТУ-мен байланысқан әр азамат үшін айтулы мереке. Сондықтан университеттің түлектерін, қазіргі студенттерін, әкімшілік ұжымын мерейтоймен құттықтаймын. Университет тарихы ғасырларға созыла берсін!

Фатма Сөнмез, 1994 жылғы түлек,
Түркістан қаласының Құрметті Азаматы:

- Университетіміздің 30 жылдық мерейтойы құтты болсын! Мен өз университетімнің түлегі болғанымды әрқашан мақтан тұтамын. Дәрігер, денсаулық сақтау басқармасының қызметкері және Ясауи жолын зерттеуші ретінде елдің дамуына өз



үлесімді қосуды басты парызым санаймын. Ахмет Ясауи университеті ғылыми дәрежесі биік, әр салада жетістікке жеткен тұлғаларды тәрбиелеп, 30 жылда дүние жүзіндегі ең үздік университеттердің біріне айналды. Түркі әлемінің бірлігі жолындағы еңбектерге үлес қосты. Менің Отаным Қазақстан егемендігін жариялағалы 30 жыл бойы түркі әлемінің жарық жұлдызы ретінде өзінің болмысын сақтап қалды. Түркі әлемінің әр аймағынан жастарды Қазақстанның рухани астанасы Түркістанда құрылған Ахмет Ясауи университетінде біріктірді. Халықаралық кездесулер өткізу арқылы түрік әлемінің маңызды жол көшбасшыларының бірі болды.

1994 жылдан бастап әлі де соңғы демім қалғанша университетімізде алған біліммен денсаулық сақтау басқармасында және Ахмет Ясауи жолында жүрген зерттеуші ретінде жақсы қызмет атқаруға тырысамын. Отаным Қазақстанды өте жақсы көремін. Ясауи жолы менің махаббат жолым.

Түркістан - менің Отаным. Қайда болсам да, қай қызметпен жүрсем де, жаным, жүрегім, туған жерім Түркістанда. Атамекенім Қазақстанның Тәуелсіздігі мәңгілік болсын! Елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаға, мені құрметті азаматтардың қатарына қосқан Түркістаныма, университет ұжымына және Атамекенім Қазақстанға зор құрметпен сағынышты сәлемімді жолдаймын.

ӨТКЕРДІК САН ЖЫЛДЫ...



Halit Filiz
Türkiye Cumhuriyeti Yüksek Seçim Kurulu Başkanlığı
Dış İlişkiler ve Projeler Daire Başkanı:



- Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk Kazak Üniversitesi'nin Değerli Mezunları ve Mensupları, Orta Asya'nın manevi başkenti Türkistan şehrinde Sayram'dan doğan güneşin filizlendirdiği fidanlardan birinin kuruluşunun 30.yıldönümünü kutlamanın haklı gurur ve sevincini yaşıyoruz. Dalları Anadolu'ya uzanan ulu çınarın yaprakları gün geldi ağacının dibine yeniden yeşermek üzere kondu. Bugün, Türk Dünyasının her bir köşesinde yankılanan bir ses oldu, Hoca Ahmet Yesevi'nin izinde ilim irfan yolundaki her bir nefere selam olsun. Bu değerli üniversitenin parçası olan kıymetli hocalarımı, mezun ve mensup arkadaşlarımı kutluyorum, üniversitemizin kuruluşu ve gelişiminde katkı sunan ve bugün aramızda olmayan değerli hocalarımızı minnet ve rahmetle anıyorum.

Üniversitemiz geçen 30 yılda geleceğe ışık tutmak isteyen gençlerin otağı, bilim dünyasının ışığı ve şifa bekleyen hastaların umudu oldu.

Üniversitemizin dünya ile entegre, teknolojik yeniliklerin yakın takipçisi ve kültür mirasının yılmaz bekçisi kimliği 30 yıldır değişmedi.

Geçen yıllar içinde büyük gelişme gösteren Üniversitemiz, Türk dünyası ile ilişkilerin mayası olarak temel bir rol üstlenmiştir ve Türk Dünyası bilimine saygınlık kazandıran çok sayıda bilimsel çalışma ve araştırmalar yapmıştır.

Kıymetli hocalarım, arkadaşlarım,

Üniversitemizin kuruluşunun 30.yıldönümü münasebeti ile tüm Yesevi dostlarını tebrik ediyor aynı zamanda Mezunlar Birliğinin kuruluşuna vesile olan tüm arkadaşlarıma teşekkür ederek başarılar diliyorum.

Her bahar bir çiçek ile başlar...

Байтөре Бауыржан Сайлаубекұлы,
Медицина факультетінің ең алғашқы түлегі,
Президенттік шәкіртақы иегері:

- Екі дүние есігі
Ер Түріктің бесігі,
Қасиетті Түркістанымыздың төлбасы
университетін 30 жылдық мерей-
тойымен құттықтаймын. Барша
студенттерге, әріптес-түлектерге,
университет ұжымына Өкілетті кеңес
мүшелеріне шығармашылық табыс-
тар тілеймін! Алар асуларымыз алда
болғай!



Балғабек Әбдіқайымұлы Мырзаев,
Исламдық зерттеулер орталығының атқарушы директоры:



- Биыл халықаралық қазақ-түрік университетінің 30 жылдық мерейтойы аталып өтіп жатқаны мен үшін өте маңызды оқиға. Себебі, мен осы университеттің алғашқы түлегімін және оны әрдайым мақтан тұтамын. Аталған университетке 1991 жылы түсіп, философ-дінтанушы және араб тілінің оқытушысы деген мамандық алып, үлкен өмірге жолдама алып шыққан едім. Аллаға шүкір, еліміздегі сирек кездесетін осы мамандықтың алғашқы иелері болғандықтан өте сұранысқа ие болдық. Еліміздің дін саласындағы саясатының негізін салуға бір кісідей атсалыстым деп сеніммен айта аламын. Елбасымыздың қолынан "Ерен еңбегі үшін" медаль алсам, маған соған жететіндей білім берген аяулы ұстаздарым мен университетті жоқтан бар жасаған сол кездегі басшылықтың көрегендігі деп білемін. Менің өз жолымды табуға үлкен септігі тигені үшін оларға әрдайым басымды иіп алғысымды білдіремін. Бүгін университетіміз төрткүл дүниеге танымал болып, оның түлектері түркі

әлемінің тұтастығы үшін тер төгуде. Оның жемісін көретін күн де алыс емес деп сенемін. Халықаралық қазақ-түрік университетінің абыройы биіктеп, еліміздің айбынын асқақтататын шәкірттері көбейе беруіне тілектеспін.

Құрметті Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ұжымы, түлектері және студенттер! Сіздерді іргелі оқу ордамыздың 30 жылдық мерей-тойымен шын жүректен құттықтаймын! Киелі Түркістан қаласында 1991 жылы ашылған университетіміз бүгінгі таңда Қазақстанның озық көп салалы жоғарғы оқу орындарының бірі болып қана қоймай, түбі бір түркі жастарына ортақ еліміздегі бірден-бір білім ордасына айналғаны белгілі.



Әр универси-
тет жұмысының
көрсеткіші
– түлектері.
Олардың еңбек
жолындағы үздік
жетістіктері білім
ордасы үшін
зор мақтанш.
Осы орайда
ХҚТУ түлектері
қоғамның барлық
саласында өз
ісінің шебері ата-
нып, білім алған
университетінің
дәрежесін көтеріп
жүр деуге болады.

Ширек ғасырдан астам уақыт ішінде университетті тәмамдаған 80 000-ға жуық түлектің адал азамат, білгір маман болып қалыптасуына ұстаздардың қосқан үлесі орасан деп білемін.

Тәрбиемен ұштасқан баға жетпес білім, өмірлік тәлім бере білген университетімізді 30 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, жетер жетістігіміз, бағындырар белесіміз көп болсын деймін!

**Ізгі ниетпен,
Жеңіс Тілләбайұлы Мақұлбаев,**

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Соттардың қызметін қамтамасыз
ету департаментінің Түркістан облысы бойынша
Соттар әкімшісінің басшысы

Шұғайып Сезімхан,
Журналистика мамандығының 2015 жылғы
түлегі, айтыскер-ақын,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің ақындар
орталығының жетекшісі



Түлеткен талай
ғалым, талай
дарын
Шәкірт деп аппақ
қылған самайла-
рын.
30 жылдық
мерекең құтты
болсын
Қадірлі апайла-
рым, ағайларым!

Университет
саған келіп тама-
шалап,
Басыма қонды

біліммен таласа бақ,
Азаттық пен өмірге бірге келіп
Ұшырдың талай қыран санасы азат.

Естіліп беделіңмен, даңқың албан,
Өркендеп жылдан-жылға қарқын алған.
Жасай бер бар түркіге құшақ ашып,
Білімнің нәрін берген, Алтын ордам!

ТҮЛЕКТЕР

БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ!

Білімді жас – ел тірегі. Халқымызда «Білекті – бірді, білімді – мыңды жығады» деген сөз бар. Білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігі, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіруші күш екендігі белгілі. Бүгінгі еліміздегі осындай үлкен өндіргіш күшке, ғылым-білімнің ордалы ортасына айналып отырған жоғары оқу орындарының бірі - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып табылады!

Өз тәуелсіздігін баянды етіп, егеменді ел ретінде даму жолына түскен жас Қазақстанның келешек ұрпағы – жастарға халықаралық университет бүгінгі күн талабына сай білім беріп, әртүрлі мамандықтарға даярлау және патриоттық сезім негізінде жүйелі бағыт-бағдар беруде. Сондай-ақ, ең бастысы, оқу орны түркі халықтары үшін қасиетті орынға ерекше назар аударуға септігін тигізіп, түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен рухани дүниесін жаңғыртуға мол үлес қосуда. Қазіргі таңда еліміз бен түркі дүниесінің түкпір-түкпірінде уақытпен санаспай еңбек етіп жүрген мамандардың басым көпшілігі осы университет түлектері. Міне, осы орайда, «Еліміздің өркендеуіне Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті түлектерінің қосқан үлесі зор» деуге толықтай негіз бар.



Бағдәулет Бегалиев



Эльвира АЗИМОВА



Алтай КӨЛГІНОВ



Алдаш АЙТЖАНОВ



Дініслам БОЛАТХАНҰЛЫ




Бекзат САТТАРХАНОВ



Ақжүрек ТАҒАТАРОВ



Дидар ХАМЗА



Мұхтархан ДІЛДАБЕКОВ



Бек НҰРМАҒАМБЕТ



Тоқтарбек АЙДАРБЕК




Бекарыс ШОЙБЕКОВ




Досай КЕНЖЕТАЙ



Нұржан ТӨЛЕНДИЕВ



Жұлдызай ДҮЙСЕНБИЕВА



Нұржан ҚАЛЖАН



Алтынай ЖОРАБАЕВА



Нұржан ІЗТАЕВ



Шәкен АМАНТҰРОВ



Серік СЕЙТМАН

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.

Медиа және PR орталығы:

журналистер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Корректоры:
Гүлдана ҚАРАБЕКОВАФото маманы:
Нахып ШЫНТЕМІРОВ

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.

Газет ЖК «PrintSap» баспаханасында басылды.

Мекен-жайы: Шымкент қаласы, Әлімқұлов көшесі №4/16

Таралымы: 1000 дана

Тапсырыс № 2716

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru